

2024 жылдың жетістігі

Жетісу университетінде Марке политехникалық университетінің филиалы ашылды. 25 қыркүйекте ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Италия республикасының университеттер және зерттеулер министрі Анна Мария Бернини кездесті. Кездесу аясында Жетісу университетінің базасында Марке политехникалық университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды.

Осы ынтымақтастық аясында студенттер қос дипломды оқу бағдарламаларына қатысуға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болады.

UI GreenMetric World University Rankings 2024 рейтингі нәтижесінде I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті тұрақты дамуы бойынша 2023 жылмен салыстырғанда 214 позицияға жоғарылап, әлемде 804-орынды, отандық 28 ЖОО арасында 10-орынды иеленді.

Жетісу университеті Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі IQAA Ranking (БСКБТА) жүргізген 2024 жылғы институционалдық (жалпы) рейтинг нәтижелері бойынша ҚР көпсалалы ЖОО арасында үздік 5-ке кірді.

Биыл білім ордасы алғаш рет «Times Higher Education» атындағы әлемдік рейтингте бақ сынады. Қазақстандық 25 жоғары оқу орнымен бірге «reporter» (қатысушы) мәртебесін алды.

Университет QS Asian University Rankings – Central Asia рейтингіне қатысып, 651-700 орынды иеленді. Central Asia Орталық Азия рейтингісінің нәтижесі бойынша ТМД-дағы үздік 25 университеттің қатарына енді.

Жетісу университеті 70-ке жуық шетелдік жоғары оқу орындары және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық байланыс орнатты. Олардың ішінде Польша, Чехия, Швейцария, Швеция, Малайзия, Болгария, Корея, Португалия, АҚШ, Италия, Венгрия сынды елдер бар.

Жетісу университетінің ғалымдары жалпы сомасы 1,1 млрд. астам теңгеге ғылыми жоба ұтып алды.

Рейтингтік журналдарда университет ғалымдарының 400-ден астам ғылыми мақалалары мен жарияланымдары жарық көрді.

Профессорлық-педагогикалық құрамы 100-ден астам авторлық куәлік пен патент алды.

25 оқытушы шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті, оның ішінде «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында үздік ғылыми орталықтарда білімдерін шыңдады.

Қазіргі таңда университетте 2 диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Қазақстанда алғаш рет «Enactus World Cup 2024» әлем кубогы өтті. Еліміздің Астанасында өткен чемпионатта білім ордасының студенттерінен құрылған «Enactus Zhetysu» командасы республика намысын қорғады.

Университеттің «7.Pro» командасы 26 жоғары оқу орны қатысқан республикалық зияткерлік сайысында бас жүлдені жеңіп алды. Студенттер жобалық жұмыстарын одан әрі зерттеу үшін 5000\$ көлемінде грант иеленді.

Грекия мемлекеті, Корфу аралында өткен кәсіпқой гир спортынан Әлем чемпионатында Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Анастасия Бражкина 2-орын иеленді.

Huawei ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар академиясы ашылды. «Huawei Technologies Co. Ltd. - телекоммуникация саласындағы ірі компаниялардың бірі. Университет пен компания арасында ынтымақтастық орнату жөнінде келісім жасалды.

«Жетісу ғылыми-білім беру орталығы» зертханасының құрылысы басталды. Нысан университеттің аумағында салынып, бірнеше бағытта ғылыми зерттеулер жүргізетін зертханаға айналмақ.



World University Rankings 2024



«UZDIK» ӨНЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ



Тәуелсіздік күні қарсаңында талантты жастардың басын қосқан «UZDIK» өнер байқауы өтті. Үш бағыт бойынша үздіктер анықталып, жеңімпаздарға ақшалай жүлде табысталды.

Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев жеңімпаздарды марапаттап, өнер жолында сәттілік тіледі.

«Бүгінгі шара жас өнерпаздардың шығармашылық қабілетін дамытуға, жаңа есімдерді анықтауға мүмкіндік беріп отыр» - деді ректор өз сөзінде.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай байқаулар алдағы уақытта да жалғасын тауып, талантты жастарды қолдауға бағытталатын болады.

Дода жеңімпаздары өнерімен көпшілікті тәнті етіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

«Үздік вокал» аталымы бойынша I орынға Ақтілек Тәуімбетұлы, II орынға Арина Михайлова, III орынға Амина Мұратқызы ие болды.

«Үздік аспап» аталымы бойынша I орынды Әділет Жайлаухан, II орынды Арайлым Зәди, III орынды Жанбота Айдарбекова мен Саян Долтаев алды.

«Үздік хореография» аталымы бойынша жүлделі I орынға Еркежан Абжаппар, Ақерке Берікжанқызы, II орынға Жазира Әли, Әйгерім Әмір III орынға Айару Жетпісбай, Арай Қанат ие болды.

МОССА ЖОБАСЫ БОЙЫНША ШВЕЦИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті гуманитарлық факультетінің қауымдастырылған профессоры Назгүл Байғабатова және ғылыми жобалар офисінің менеджері Әлия Қашағанова Швеция корольдігінің Лунд университетінде екі айлық ғылыми тағылымдамадан өтіп жатыр.

Олар жоба шеңберіндегі зерттеулері бойынша презентацияларын өткізіп, мақалалар дайындап, өздерінің ғылыми өуелетін шындауда. Сондай-ақ, Лунд университеті өлеуметтік ғылымдар факультетінің ғылыми іс-шараларына қатысып, еуропалық әріптестермен іс-тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

Тағылымдама барысында МОССА жобанысының ғылыми жетекшісі, профессор Рустамжон Уринбоевпен консультациялар жүргізіліп, жобаны жүзеге асырудың алдағы жоспарлары талқыланды.

Әлемдік университеттердің жүздігіне кіретін Лунд университеті 2024 жылы QS рейтингі бойынша 75-ші, ал Times Higher Education рейтингінде 95-ші орынға ие болды.

МОССА жобасы посткеңестік Орталық Азияның бес еліндегі сыбайлас жемқорлықтың көп деңгейлі тәртібіне пән аралық зерттеулер жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаһандық және ұлттық күш-жігерге үлес қосуға арналған



зерттеу.

Жобаны 9 еуропалық және 10 ортаазиялық университеттердің және ғылыми ұйымдардың ғалымдары жүзеге асыруда.

ҚЫРҒЫЗСТАНДЫҚ ДОКТОРАНТТАР КЕЛДІ

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне ғылыми тағылымдамадан өтуге келген Қырғызстан Республикасы Бішкек қаласы И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің 3 курс докторанттарын Басқарма Төрағасы – Ректор, з.ғ.д., профессор Ермек Бөрібаев қабылдады. Кездесу барысында ректор докторанттарға

білім ордасының тарихы, бүгінгі тыныс тіршілігі, даму бағыты, ғылыми-техникалық базасы, білім беру бағдарламалары, академиялық ұтқырлық бағдарламасы, сондай-ақ, ғылыми байқаулар бойынша мол ақпарат берді. Қырғызстандық ізденуші докторанттардың ойын тыңдап, олардың зерттеу тақырыптары бойынша пікір алмасты.



«ТАНЫМ» ҒЫЛЫМИ ЖОБАСЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

«Таным» ғылыми жобасы жеңіске жетті «Таным» ғылыми жобасы STARTAP Jetisu Digital «Pizza pitch» байқауының жеңімпазы Педагогика және психология факультетінің студенттері жеңістерімен қуантуда.

«Таным» ғылыми жобасын «Оқыту және тәрбие әдістемелері» кафедрасының оқытушысы Г.А. Тажинова құрған болатын. Жоба құрамында МДК-221 тобының студенттері Нұрсейітова Ардақ, Нұрдәулет Аяулым.

Биыл жоба екі ірі байқауға қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

28 жоба бақ сынаған облыстық байқауда «Таным» 4-орынға ие болып, командаға смарт сағат пен арнайы диплом табыс етілді.

Аталмашы жоба қалалық байқауда 3-орынға ие болып, командаға 75 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық берілді.

Бұл жоба өз идеяларын жүзеге асыратын студенттеріміздің қажырлы еңбегінің, шығармашылығы мен табандылығының жемісі.

«Таным»- заманауи мәселелер мен олардың шешіміне жаңаша көзқараспен қарауға бағытталған жаңа қадам.

ТЕАТР - ӨНЕРДІҢ ПАДИШАСЫ!



«Zhansugurov College» шаңырағында облыстық Бикен Римова атындағы драма театры актерлерімен «Театр өнері, өнердің падишасы!» атты кездесу кеші өтті. Кешті ұйымдастырудың басты мақсаты білім алушыларға еліміздегі театр мәдениетінің дамуы мен әйгілі өнер адамдарының шығармашылығы және сахна өнерінің қырсырлары жайлы білімдерін тереңдету. Жалпы білімгерлерді өнер мен шығармашылыққа баулу бағытында театр мен колледж ұжымын етене жақындастыру мақсатында колледж директоры Бақытжан Ескендіровтың бастамасы негізінде ұйымдастырылған шара болды. Колледжімізге театр өнерінде өзіндік орны бар аға буын актерлер мен киелі сахнада үлкен өнерге жаңа қадам басқан бір топ жас таланттар шақырылды. Атап айтқанда театр мен кинода танымал болған «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Еңлік Гүл» сыйлығы мен «Махамбет» атындағы сыйлықтың лауреаты, Талдықорған қаласы мен Ескелді ауданының Құрметті азаматы, театр директорының кеңесшісі Сағындық Жұмаділ, «ҚР мәдениет саласының үздігі» Роза Қапашева, театрдың жас талантты актерлері Даулет Қанат, Мейіржан Нуров, Аслан Жапарқұлов, Ариза Асқарова, Елшат Маметеков сынды қыз-жігіттер келіп, өнерлері туралы қызықты ақпарат беріп, өнер көрсетті. Кездесу барысында Сағындық Айтмұхаметұлы білімгерлердің қойған сұрақтарына жауап беріп, кино мен театрдың айырмашылығы, олардың арасындағы шығармашылық ерекшеліктерімен бөлісті. Білімгерлерді болашақ өмірлеріне бейқамдық танытпауға, сабақтарын үздік оқып, өнер, ғылымға әуес болуға шақырды. Талантты

актриса Роза Қапашева білімгерлерді кітап оқуға көбірек көңіл бөлу керек екенін айта келіп, әсем даусымен «Гәкку» әнін орындап, кешті жандандыра түсті. Ариза Асқарова мен Аслан Жапарқұлов ән салып, Елшат Маметеков өлең оқып, кеш көрігін қыздырды. Дәулет Қанат пен Мейіржан Нуров өз еңбек жолдарында шығармашылық өмірлерінен бастан кешкен қызықты эпизодтарын (сахналық импровизацияларын) айтып, аудиторияны күлкіге қарық қылды. Өнерлі жастардың өнерінен қанаттанған білімгерлерде өз кезегінде қарап қалмады. 302 топ білімгері Серік Ескендір домбырада Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындап қошеметке бөледі. Ал, бірінші курс 105 топ білімгерлері Толғанай Қайратқызы мен Балауса Темірхан «Барайықшы театрға!» атты интермедияны орындап, театр актерларын өнерлерімен қуантты. Міне, осындай бір-біріне жылылық пен сыйластық сыйлаған, сырға толы кездесуіміз жоғарғы деңгейде өтті. Сөз соңында колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Салима Мамлеева нағыз өнердің ерекшелігін көрсеткен қонақтарға рухани шабыт бергендері үшін ризашылығын білдіріп, алғыс айтты. Кеш соңында қонақтар алған әсерлерімен бөлісіп, осы кездесуді ұйымдастырушы «Zhansugurov College» ұжымымен алдағы уақытта шығармашылық байланыста болатындықтарын айтты.

Сауле ЖУМАДИЛОВА,
 «Zhansugurov College» психология
 пәнінің оқытушысы.

Тәуелсіздік маңдайға басқан бағымыз!

...1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоқпарлы түрде насихатталуы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев



1986-жыл. 16 желтоқсан. Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінде профессор, қазақ журналистикасының атасы Тауман Амандосовтың лекциясы өтіп жатыр. Алғашқы екі айда ауылшаруашылық жұмыстарында жүргенімізді есептегенде сабақтың шындап басталғанына аздаған ғана уақыт болған. Курстастарымыздың жартысы Қостанайдан картоп жинау науқанынан оралып, бір-бірімізбен енді таныса бастағанбыз. Қатты қайырымға келмейтін нәзік қыздар мен ұлдардың біразын жеміс-консерві зауытына жұмысқа қалдырды. Кезекпен түнгі ауысымға барамыз. Томат шығаратын цехта жұмыс істедік. Маған екінші қабаттан қаңылтыр банканы арнайы сырғыма арқылы төменге жіберіп отыратын міндет бұйырды. Таң ата дарылдаған-гүрілдеген цехтың дауысы өшіп, жиналып-киінуге жарты сағат уақыт беріледі. Одан кейін келесі ауысым жұмысын бастап кетеді. Мен сол кезде бұрыш, сарымсақ салынған мөшекті басыма жастап ұйықтай қаламын. Бір-екі рет уақытында ояна алмай, курстастарымнан адасып қалғаным бар. Қорыққаннан жанарым боталап, шет елде жалғыз қалғандай жылап қоя беретінмін. Содан сүрініп-қабынып түске жақын журналистиканың 5-ші жатақханасына жетемін. Ол жерде бәрі туыстай. Жоғары курс студенттері Әміржан Қосанов, Бауыржан Үсен, Табылды Досым, Қайрат Әлімбек сынды ақын-әнші жігіттер жатақхананы ән-думанға бөлеп жатады. Құдды өлең-жырдың өлемі! Бізді «Сары ауыз балапандар» дейді. Өнерпаздардың тұрақты көрерменіміз! Аузымызды ашып, бірде жатақхананың ауласында, бірде фойеде ақынның жырып тыңдап шелпиіп отырамыз. Қалам ұстаған жұрттың ортасы әзіл-қалжың, той-думан, әсерлі әңгіме!

Қазан айында сабақ басталды. Журналистиканың майталмандары Ыдырысов Әбілпәйіз ағай, сырбаз, мінезі көркем Мамытбек Қалдыбаев ағай, есімінен жорфак-филфак «үркетін» Қожакеев, Грозный патшадай сұсты Амандосов ағай. Әрқайсысы газет-телеарна ісінің ақтаңгерлері. Аудиториядан жаңа шығып, алғашқы ұстаздық жолын бастаған студенттердің жақтасы Бауыржан Жақып пен Амантай Шеріп те бар журналистика факультетіне дәріс берушілер арасында.

«Журналистиканың негіздері» сабағы өтіп жатыр. Тауман ағайдың дәрісінде шыбын ызыңы естілмеуі тиіс. Ағаш есік ақырын

ашылды да басына қазақы оюлы бөрік киген ұзын бойлы, әдеміше келген қараторы жігіт тілдей қағазды шеткі қатардағы партаға лақтырып жіберді. Бойжетіп қалғандықтан жігіттің кескін-келбетіне бірден көңіл аударатын кезіміз. Жігіт тұлғасы көз тартарлық. Тілдей қағаз аудитория ішін аралап кетті. Менің де алдыма жетті.

«Кеуделеріңде қазақтың қаны болса түсте алаңға жиналыңдар» деген жазу. Қан деген сөз әр қазақтың бойына күш қуат берді. Азаттық аңсаған ұлттың ұлдары қан деген сөзді естігенде намыс оты өршіп, орындарынан өре түрегелді. Бәріміз Тауман ағайдың сабағының екінші Жартысына қатыспай, аялдамаға жиналды. Кураторымыз Мамытбек Қалдыбаев ағай соңымыздан қуып жетіп, алаңға барудың қауіпті екенін, бұл саяси соғыс, ұрынып қаласындар дегенді айтып, бармауға үгіттеді. Атқа қонған қазақты кім тоқтатып еді! Санада қазақтың қаны, намысы деген сөз жаңғырып тұрды. Сонымен автобуска мінейік десек табалдырықты аттағаннан ток соғады. Алаңға баратын автобустарға топталған жастарды отырғызбаңдар деп тапсырма берілген сыңайлы. Сонымен, жаяу-жалпы алған бағытымызға қарай тартып отырдық. Алаңға жақындағанда бір көше жетпей танк, әскери қару-жарақ тізіліп тұр. Басында көшемен жүріп өтетін әскери тізбек па деп ойладық. Көпшілік жиналған алаңға жақындағанда арнайы көліктерден ит жетектеген әскерилердің секіріп түсіп жатқанын көргенде көңілге қорқыныш ұялап, көз шарасынан шығып, жүрек атша туды. Ауылдан келген сары ауыз 18 жасар қыз үшін бұл көрініс соғысты көргенмен тең еді. Кәдімгі Ұлы Отан соғысы жайлы кинодағы көрінісі! Жан-жақтан алаңға жастар лек-легімен келіп жатыр. Бірақ, қаруланған әскерилер оларды топ-топ қылып бөліп, қоршап алған. Бір мезетте көше бойымен «Елім-ай» әнін зарлата орындаған жастар легі келіп қосылды. Япырай, қазағым елім-ай деп зарлағанда дауысы Аллаға жетеді екен ғой. Не деген елшіл бауырмал, қаншыл халық еді! Жанарымыздан аққан жасқа ие бола алмай қалдық. Сол кезде орталықтағы мінбеден мерекелерде жалынды сөз естігенде Ура, Ура, Ура-ны айтатын радиодан «Менің Қазақстаным» әні шырқалды да кетті. Елдің рухын көтеру үшін әнді тетікті басқарып отырған қаншыл қазағым әдейі қосты-ау! Мына әннен кейін азаттықты аңсаған ұланды тоқтату мүмкін емес еді. Бірі жан-жақтан қоршауды бұзып, ортаға қарай жүгірді. Бір-бірін құшақтап,

көбейіп жатыр, көбейіп жатыр. Бір қауым ел болдық. Енді жастарды алаңнан қумаса көтерілістің үдеп кететінін білген өкімет басындағылар, етіктері сатырлаған милициялар тізбегін кіргізді алаңға. Сол қолында қалқан. Оң қолында резеңке сойыл. Мен бұрын-соңды мұндай суық жүзді милиция көрмеппін. Ауылдағы учаскелік инспектор Төлеген аға мейірімді еді. Оны ел қрған санайтын. Шөп, мал ұрлығы болмасын, ішкіштер бірдені бүлдірмесін деп соларды аңдатын. Формасы болмаса ауылдың басқа тұрғындарынан еш айырмасы жоқ еді. Мыналар сұсты екен. Сатырлаған етіктердің дауысы бізге қарай жақындағанда ұлдар қыздарды өздерінің сыртына тығып, алдымызға тұра қалады. Сонан соң алдыда тұрған жігіттер оларға: «Ортаға жазушы, ақындар шықсын. Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шахановты тыңдағымыз келеді. Елде не болып жатыр? Қазақ жерін қазақ басқаруы тиіс. Колбиннің бізге керегі жоқ. Ел басқаратын азаматтар өзімізден де шығады», – деп арман-тілектерін ашық білдірді. Бірақ, ортаға қазақша дұрыс сөйлей алмайты ер адам шықты да алаңнан тарқауымызды талап етті. Келген жағымызға кетпесек күш қолданылатындарын айтып, қоқан-лоқы көрсетті. Сол кезде Өкімет үйі жақтан сап түзеген милиция легі екпіндете келіп, жастардың қатарында тұрғандарды ұрып-соға бастады. Біз алаңның екінші ұрығына қаштық. Сонда жастардың соңында қалып қалғандарды милициялар іштеріне тартып алып, төпелеп ұра бастады. Оны байқаған жігіттер қайтадан күш жиып, милицияның арасында қалған қыз-жігіттерді құтқару үшін полицияға тап берді. Сол кездегі мына бір көрініс менің көз алдыма өмір бақи қалды. Құқық қорғаушылардың аяғының астынан шығарып алған қыз ес-түссіз жатты. Бет-жүзі әппақ болып кетіпті. Қимылсыз. Үш-төрт жігіт қызды дәрігерге бермейміз деп, көтеріп, алаң шетіне ала қашты. Ол кезде жастар кімге сенерін білмей қалған. Милиция менің қорғаным деп жүрген құқық қорғаушылар таяқтап, тепкілеп жатқанда дәрігерге де сенбеуі заңды еді. Елім айлаған қыз-жігіттер осыдан кейін тастай түйілді. Азаттықты алмайынша күресуді тоқтатпайтындарын бір-біріне деген қолдаулары мен тастай түйілген жұдырықтарынан байқауға болатын еді. Мақаланы жазу барысында «Жетісулық Желтоқсандықтар» қоғамдық қорының төрағасы Ермұхан Жүнісханды тақырыпқа орай сұхбатқа тартқан едік.

Ермұхан: «Желтоқсанда қазақтың ұл-қыздары көзсіз ерлік көрсетті. Мұздай қаруланған әскерге төтеп беру ел мен жерді шексіз сүюдің дәлелі еді. Көтеріліс қазақтың намысын қайта жандандырды».

Алаңдағы қорқынышты жан-жақтан келіп жатқан өрт сөндіруші көліктердің жастарға ыстық су шаша бастауымен үдеді. Шырылдаған қыздардың дауысы құлақ тұндырады. Ес-түс қалмады. Он сегіз жас! Ата-ана бауырынан жаңа шыққан бойжеткен. Ит абалатқан әскерилер мен ыстық су шашқан алпауыт көліктер. Қасыма курстасым Ормаш жетіп келді де менің қолымнан жетектеп, қаштық деді. Екеуіміз мінбердің

бұрышымен көпшіліктен сытылып шықтық та көше бойымен сүрініп-қабынып жүгіре жөнелдік. Аяғымыз, үсті-басымыз малмаңдай су. Кеш қоюланған кезде жатақханаға жеттік. Есіктің алдында вахтершы Люба алай емес, жүздері сұсты ер адамдар. Бірден қайдан келгенімізді сұрады. Біз Пушкин кітапханасынан келдік дедік. Мәдени орынан келмегенімізді әлем-тапырық түріміз бен алба-жұлба киіміміз айтып тұр еді. Ойымызда алаңда қалған достарымыз. Санамызда «Тарқандар, әйтпесе аямаймыз» деген өктем дауыс жаңғырады.

Азаттықтың алғашқы қарлығаштарының көкейінде Желтоқсан бағасын әлі алмады-ау деген ой тұрады. Бұл орайда Ермұхан Шеріп: «Бұқаралық ақпарат құралдарында Желтоқсан оқиғасы деп жүр ғой. Бірақ, 2016 жылы Астана қаласында өткен халықаралық симпозиумде 14 мемлекеттен қатысқан ғалымдар 1986 жылғы Қазақстандағы жағдайды бірауыздан көтеріліс деп танып, Қарар қабылдаған. Симпозиумге бірнеше депутат, сенатор, қоғам қайраткерлері қатысқан еді. Қарар Үкімет, парламент, президент аппаратына жіберілген. Өкінішке орай ұсыныс жауапсыз қалды».

Жатақханаға кірісімен тергеуге алындық. Қауіпсіздік комитетінің қара тізіміне іліктік. Сұраққа шақырғанда бөлмеде болуымыз керек. «Алаңға не үшін бардың?», «Көтеріліске қандай мақсатпен шықтыңдар?», «Сендерді кім бастап шықты?», «Қастарыңда нашақорлар болыпты ғой?», «Мына суреттердің ішінде кімді танысың?» – деп бум-бума суреттерді алдымызға тастайды. Біз жанұшырып милициядан таяқ жепп жүргенде комитетшілер бізді суретке түсіре беріпті. Бәріміз бір ауыздан ешкімді танымаймын деп жауап береміз. Курстастарымыз шетінен түрмеге жабылды. Бірнешеуін алыс тауға аттарып, қар үстінде тепкілепті, қорлапты... Бүкіл курсты қамай алмайтын болғандықтан комсомол комитетінің хатшысы – Гүлмира Сұлтанәлі, староста – Нұрымжан Мауытов, екінші топтың старостасы – Фазиз Тастаевты қамауға алды. Біз күнделікті барып, тамақ апарып беріп тұрдық. Біразы оқудан шығарылды.


Алаңдағы күндерді еске алған жастар Желтоқсан көтерілісі лайықты бағасын әлі алмады-ау деген тұжырымға келеді. Ермұхан желтоқсаншы: «Желтоқсан көтерілісіне әлі саяси баға берілген жоқ. Өкініштісі, көтеріліске қатысқан азаматтар саяси статус алған жоқ», – деді ол көзқарасын бүкпесіз жеткізіп.

Университетте қамауға алынғандардың мәселесін қарау барысында үлкен жиын өтті. «Бәріміз біріміз үшін» деген ұстанымды ұстандық. «Егер бір адамды оқудан шығарсаңдар түз-түгел кетеміз» деп тістендік жиын төрағаларына. Абырой болғанда сол күні курстастарымыз оқудан шығарылмады.

Бүгінде барлық курстастарымыз елдің еңсе көтеруіне қызмет істеп жүр. Мысалы, Гүлмира елшілікте. Қазір шетелде. Нұрымжан «Жас Алаш» газетінде жауапты қызметте. Фазиз жеке кәсібінің нәсібін көруде. Барлығының ұстанымы – Тәуелсіздіктің тұғырын биіктету. Облыста жыл сайын Желтоқсаншыларды облыс өкімі жинап, пікір-ұсыныстарын тыңдайды. Көтерген мәселелеріне қолдау білдіреді.


Алаңға намыс жетектеп барған 18 жасар қыз бүгінде Егемен елдің бақытты-бақуатты тірлігіне куә болып, таңдаған мамандығы журналистиканың рахатын көруде. Егер, Тәуелсіздік алмағанда Алашым деп қалам тербеп, Желтоқсан жайлы жаза алмай іш құса болар ма еді! Тәуелсіздік маңдайға басқан бағымыз!

Гүлжан ТҰРСЫН,
журналист.



АРХИВТЕР СӨЙЛЕЙДІ

АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР ЖИНАҒЫ



1957 жылдары тоталитарлық жүйе жазықсыз жандарды қолдан жау жасаған қитұрқы саясатын әшкерлетпес үшін зерттеушілерді архивтерде жұмыс істеу мүмкіндігінен айырды. Соның нәтижесінде Ілияс туындылары архив материалдарымен салыстырылып, зерттелініп, уақыт мөжбүрлеген өңдеу-талдаудан өтпей, социализм идеологиясы талабына лайықталып, бұрмаланған қалпында жарияланды. 1920-1937 жылдардағы газет-журналдарда, жекелеген әдеби жинақтарда жарияланған, көбі ұмытылып, ескерусіз жатқан өлеңдері мен очерктері, мақалалары мен әңгімелері әлі күнге дейін толығымен жарияланып, оқырмандарға ұсынылған жоқ.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде Ілияс Жансүгіровтің №1368 нөмірлі жеке қор тізбесі жасақталған. 1368 нөмірлі жеке қолжазбалар қорында Ташкент, Москва, Қызылорда,

мады. Уақыт ұраны, идея үшін күресуге тиіс болды. Бұл нағыз аяққа түскен тұсау еді. Егер ақын қыруар өлеңдерін өндіріс, революция, отарба, Октябрь мерекесіне арнаса, оған ақын кінәлі емес, заманның лебі деп білу керек. Мұндай күйге ұшырауына себеп сталиндік қилы кезең екені анық. Ақынның өлең құрылысына, тілге, идеяға, жанрға, тағы басқа мәнді мәселелерге байланысты енгізген жаңалықтары ұшан теңіз.

Әлі күнге дейін табылмай отырған «Сенің менен басың бос», «Жас қыздың арманы», «Сұлу қыздың сыры» өлеңдерінің тағдыры белгісіз. Бізге белгісіз Жансүгіровтің мұндай жаңа жырлары табылып, алып ақынның тың да тамаша қырларын танытылып жатса, әдебиетіміз үшін де, ұлтымыздың руханияты үшін де зор игілік.

Балаларға арналған «Малта» өлеңі мен «Шәркей» әңгімесі 1929 жылы суретті кітапша түрінде жарияланған. Неге екені белгісіз, Ілиястың 6 томдық (1964), 5 томдық (1986), 10 томдық (2004), 20 томдық (2019) жинақтарына енбей қалған. Тек жекелеген жинақтарында жарияланған. «Жікке жол жоқ», «Ақын Асқар», «Анарқан» тұралы аз сөз», «Қаталасуға қарсы бөлшебектік сынды күшейтеміз», Ж а з ы у ш ы л а р с і й е з і н е ж а қ с ы дайындалайық», «Ғани туралы», «Қапал», «Қапал, Лепсі үйездері» және т.б. әдеби-публицистикалық мақалалары, орыс тілінде жазылған «Суд» әңгімесі, «Социалистический Казахстан» поэмасы, «Памяти Кирова» мақаласы, В.Язвицкий аударған «Шаги трех союзников», Дм.Снегин аударған «Гималай» өлеңі, Вс. Рождественский аударған «Кюйши» поэмалары да толық жинаққа енетін күнін тосуда.

Ілияс Жансүгіров 1926-1936 жылдары үлкенді-кішілі 49 кітап жариялаған. Оның ішінде өз туындалары, аударма еңбектері, оның орыс тілінде жарияланған шығармалары, ауыз әдебиеті үлгілері,

балаларға арнап шығарған кітаптары, мақалалары, зерттеулері бар. 49 кітаптың ішінен Ертегілер. Москва қ-сы. КСРО халықтарының орталық баспасы, 1927 ж., Кюй. (В.Соколов аудармасы) 1929ж., Степь. (К. Алтайский аудармасы) 1930 ж., Ақындар айтысы. Алматы қ-сы. ҚКӘБ, 1935 ж., Саин Ж. Бақыт жыры. Алматы қ-сы. ҚКӘБ, 1936ж. жинақтары ғана қолымызға тимей отыр. 44 кітаптың алғашқы нұсқасын оқырмандарға ұсындық.

Ілияс Жансүгіров шығармашылығы негізінде орындалып жатқан гранттық жоба аясында архив материалдары негізінде 2024 жылы алты еңбек: «І.Жансүгіров шығармаларындағы этнографизмдердің танымдық сипаты» монографиясы (Джакыпбекова М.), «Ілиястану» оқулығы (Кыяхметова Ш.), Архивтік құжаттар жинағы (Кыяхметова Ш.), І.Жансүгіровтің жарияланбаған туындылары (Кыяхметова Ш.), Ономастикалық сөздік. Топонимдер (І.Жансүгіров поэзиясы негізінде) (Джакыпбекова М., Мырзабек Н., Баратова М.), Ілияс Жансүгіров. Электрондық энциклопедия (ұжымдық еңбек) жарияланды. Бұл еңбектер – Ілиястану арнасын кеңейтетін зерттеулер екендігі ақиқат. Зерттеулер аясында табылған жаңа туындылар «Ілияс әлемі» оқу - танымдық сайтында ұсынылуда.

Жоба аясында ашылған «Ілияс әлемі» оқу - танымдық сайты бәсекеге қабілетті тұлғаның құзіреттілігін қалыптастыруға қызмет етеді және пайдаланушыларға Ілияс Жансүгіров мұрасы туралы қосымша тың ақпараттар береді. Сайттағы материалдар мәтін, сурет, кестелер, аудио және бейне ақпарат түрінде ұсынылған. Сайт материалдарын <https://iliasalemi.zhetysu.edu.kz/> сілтемесі арқылы пайдалануға болады.

Адамзаттың ақыл-ойына үлес қосқан, ұлтының болашағы үшін күрескен даналардың өмір сүруінің өзі – құбылыс. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Әлімхан Ермекеұлы, Сұлтанбек Қожанұл, Мұхамеджан Тынышбаев, Смағұл Садуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин сынды алаш арыстарының бақыты да, трагедиясы да қалың жұрттан өзгеше озықтығында, қайталанбас жалғыздықтарында. Олар – XX ғасырдың басында дүниеге жаңа көзқараспен үрдіс келіп қосылған тұлғалар.



Ілияс Жансүгіровтің жарияланбаған туындылары

Әдебиет әлемінде өз ұлтының рухын көтеретін құнды мұралар қалдырған қаламгердің шығармашылығын зерттеу күн талабынан түспек емес. Архив және қолжазбалар қорындағы құжаттарды жинақтау, жүйелеу және зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жарияланбаған материалдардың көпшілікке қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы тағдыры мен таланты тарих пен танымның талқысына түсіп, жанкешті ғұмыр кешкен Ілияс Жансүгіровті жаңа қырынан тану, таныту мақсатымыз болды. Өкінішке қарай, ізденіс жұмыс барысында Орталық мемлекеттік архивте және Ұлттық кітапханадағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде араб және латын қарпімен жазылған Ілиястан қалған талай материал қозғаусыз жатқанына куә болдық. Бұл араб және латын қарпімен жазылған қолжазбаларды оқитын мамандардың жоқтығынан болса керек.

Алматы қалаларында жүрген кездерінде Ілиястың өз қолымен жазған жазбалары, көркем шығармалары, публицистикалық мұралары және сол кездегі мерзімді басылымдарда оның шығармашылығы жайлы жарияланған алғашқы әдебиет-сын мақалалар жинақталған. Оның мол қазыналы шығармашылығында түбегейлі зерттелмеген, әлі басы ашылмаған не бір жұмбақ дүниелер бар. Бұл қолжазбалар қаламгердің шығармашылығы жайлы жаңа деректер берері сөзсіз.

XX ғасырдың елуінші жылдарының аяғына қарай «жылымық» кезең келіп, репрессия жылдарында атылғандарды ақтау мәселесі көтеріліп, оң шешімін тапты. Енді қолда бармен аяулы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын сайлап беру міндеті тұрды.

Ілияс Жансүгіров өмір сүрген уақыт аса бір күрделі, аласапыран, ұрда жық уақыт болатын. Сол жылдардың қаламгерлері заман талабынан, ырқынан сыртқа шығып, мейлінше еркін жырлап кете ал-

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Басты бет | Энциклопедия | Алты сөз | І.Жансүгіров | Көрсеткіштер | Әдебиет

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

РЕДАКЦИЯ АЖАСЫ:
Төраға: Мұратбек ИМАНҒАЛИНОВ

Мүшелері:
Шара КЫЯХМЕТОВА
Қарлығаш САРБАСОВА
Гульнара СЫРДЫБАЕВА
Дүйсен АНСАБАЕВ
Сайлаушан ҚОЖАҒАЛУОВ
Мамиял ДЖАКЫПБЕКОВА
Айгүл АЛДАБЕРГЕНОВА
Махаббат БАРАТОВА

Бұл еңбек Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» гранттық арнайы мақалалар жобасын (АР19680053) жүзеге асыру аясында дайындалды.

Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы Ілияс Жансүгіров мұрасын ХХІ ғасыр контекстінде таныту мақсатында ашылған «Ілияс әлемі» атты оқу-танымдық сайт мазмұны үнемі толықтырылып отырады. Сайт білімді өз бетінше жаңартуға, толықтыруға бағытталған.

Ғылыми білімді оңтайлы, қолжетімді мақсатымен электронды форматта жасақталған «Ілияс Жансүгіров» электрондық энциклопедиясының мазмұны жаңаша пайымдалған зерттеулерден тұрады.

Архивке соңғы барғанымызда көп жылдар бойы іздестіріп, таба алмай жүрген Ілияс жайлы жазылған ең алғашқы естелікті (авторы Ж.Сыздықұлы) тауып алдық. Естелікті және жоғарыда аталған басқа да еңбектерді төте араб қарпінен, латын қарпінен кирилл жазуына аударып, болашақта шығаруды жоспарлап отырған «Архивтер сөйлейді» жинағына қосып, оқырмандарымен қауыштырмақпыз.

Сөз соңында айтарымыз, Ілияс Жансүгіровтің әр жерде шашырап жүрген, әлі де анықталмай, ақтаңдақ жатқан архивтегі шығармаларын іздеп тауып, басын қосып, жариялап, рухани игілікке айналдыру әр қазақтың, әр филолог маманның міндеті демекпіз.

Шара КЫЯХМЕТОВА, жоба жетекшісі, Ф.ғ.к., қауымд. профессор

АҚШ-тағы ғылыми тағылымдама

Жас ғалым АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орнының зерттеу тобының құрамында

Бір жыл бұрын Coursera платформа-сында онлайн-курс өткен талдықорғандық жас ғалым Райгүл Желдібаева, курс авторларының Иллинойс Урбан-Шампейн университетінде өзінің менторларына айналды деп ойламаған еді. Ол кезде Райгүл І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде оқыту мен тәрбиелеу әдістемелері бойынша білім беру бағдарламасының жетекшісі қызметін атқаратын Coursera платформасында ол Иллинойс университетінің профессоры Мэри Каланцис пен Билл Коуп әзірлеген «Жаңа оқыту: педагогиканың принциптері мен заңдылықтары» (New Learning: Principles and Patterns of Pedagogy) атты курсы өткен болатын. Кейін Райгүл бұл университеттің «500 ғалым» бағдарламасы аясында ғылыми тағылымдама үшін ұсынылған университеттер тізіміне кіргенін білді. Осылайша, ол бағдарламаның қатысушысы болуға өтінім жібереді. Райгүлге ғылыми тағылымдамаға шақыру алуына IELTS емтиханынан 7.0 ұпай жинағаны және өзінің зерттеу жобасын нақты түсініп, алдын ала жоспар құрып дайындалғаны көп көмектесті.

CGScholar AI Helper дегеніміз не және ол оқытуда революция бола ала ма?

Райгүл: CGScholar AI Helper – бұл мәтін жазу дағдыларын жетілдіруге көмектесетін инновациялық құрал. Ол сіз үшін мәтін жазып бермейді, бірақ сіздің жұмысыңызды жақсартуда құрылымы, логикасы және стилі бойынша нақты ұсыныстар береді. Мысалы, сіз ессе жазып жатырсыз делік, ал бұл құрал сіздің мәтініңізге түсінікті әрі егжей-тегжей кеңес бере отырып, оған ерекше мән-мағына береді.

CGScholar AI Helper-дың басты артықшылығы – ол студенттің өзін дамытуға көмектеседі. Бүгінгі күні көптеген студенттер эссе жазу үшін ChatGPT-ге жүгінеді, бұл академиялық адалдыққа (academic integrity) қайшы келеді. Мұндай жұмыстардың жасанды екені бірден көрінеді. Ал CGScholar AI Helper пайдаланушыны бағыттап, тұжырымдарды жақсартуды немесе мультимедиялық элементтерді қосып, материалды тартымды етуді ұсынады. Мысалы, климат туралы мәтінді инфографика немесе бейнероликпен толықтыру оқуды қызықтырақ етеді.

CGScholar AI Helper-дің ерекшелігі – оны нақты оқу міндеттеріне және стандарттарына бейімдеу мүмкіндігі. Жоба командасы оқытушылар мен бағдарламалар мақұлдаған материалдарды қосып, мәтіндер дерекқорын ретке келтіреді. Аталмыш құрал білім беру стандарттарына сәйкес келеді, бұл оның академиялық талаптарға толық сәйкес келетінін көрсетеді.

Райгүлдің CGScholar AI Helper-ді әзірлеу және тестілеудегі рөлі қандай?

Райгүл: Менің жобадағы бекітілген рөлім – бақылаушы және бірлескен аналитик. Мен зерттеудің барлық кезеңдеріне қатысамын: мектептерде тренингтер өткізуден бастап, деректерді талдауға және ғылыми жарияланымдар дайындауға дейін.

Қазіргі уақытта біз үш мектепте алғашқы тренингтерді өткіздік. Бұл процесс алдын ала сауалнама (pre-survey) жүргізуді, студенттердің жұмыстары бойынша кері байланыс алуды және алты критерий бойынша түзетулер енгізуді қамтиды. Содан кейін біз келесі сауалнамалар (post-survey) жүргізіп, мұғалімдер мен студенттермен сұхбаттасамыз және барлық мәліметтерді хаттамаға енгіземіз. Басқа штаттардағы екі мектепте кейбір процестер онлайн форматта жүргізіледі.

Бірлескен аналитик ретінде мен жиналған деректерді талдап, ғылыми мақалалар дайындаймын. Қазіргі уақытта біз екі жарияланым үстінде жұмыс істеп жатырмыз: біріншісі – Scopus базасына енетін журнал үшін жағдайлық зерттеу, екіншісі – жоба және оның қазіргі нәтижелері туралы шолу. Мұндай деректермен жұмыс істеуге және материалдарды жариялауға тек зерттеу тобының мүшелері ғана қатыса алатындығын атап өткен жөн.

Жоба АҚШ Білім беру департаментінен қаржыландырылып, жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеудегі ерекше тәжірибе болып табылады. Оның нәтижелері қазірдің өзінде Тайваньда өтетін

18-ші халықаралық электронды оқыту және инновациялық педагогика конференциясында ұсынылу үшін қабылданды.

Біз бірқатар айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Мысалы, халықаралық білім беру стандарттарына (Common Core State Standards) негізделген бағалау рубрикасын әзірледік. Бұл рубрика – жәй ғана «журналдағы баға» емес, ол мұғалімдерге оқушыларды жұмысқа қалай дұрыс бағыттау керек екенін түсінуге көмектеседі. Қазір біз жоба туралы мақаланы дайындап жатырмыз, ол 2025 жылдың көктемінде Тайваньда өтетін конференцияда ұсынылады.

Сізге тағылымдама барысында ең көп әсер еткен кім және қалай әсер етті? Тағылымдама барысында сізге кімнің ықпалы күштірек болды және қалай?

Райгүл: Маған ең көп әсер еткен, ол менің



менторым Мэри Каланцис пен профессор Билл Коуп деп ойлаймын. Бір қызығы, олармен танысуым ғылыми тағылымдамаға грант ұтқанға дейін басталған. Мен Coursera платформасындағы педагогика бойынша олардың курсы өткен болатынмын. Сол кезде олармен жақынырақ жұмыс жасайтындым елестетпеген де едім. Курста тапсырмаларымды жіберіп, кері байланыс алатынмын. Қазір ойласам, бұл жай ғана онлайн-курс емес, олардың зерттеу тобының бір бөлігіне айналуыма алғашқы қадам болған екен. Университетке келгенде өзімнің жасаған ғылыми жобамның бастапқы қарапайым нұсқасын көрсеттім. Бұл жоба жасанды интеллектті білім беру процесіне интеграциялауға арналған болатын. Мэри Каланцис тақырыбыма қызығушылық танытып, өздерінің зерттеу тобының пилоттық жобасына қатысуға ұсыныс жасады.

Мэри мен Билл – өте ерекше, жылы жүректі жандар. Олар жан-жағындағыларды өзінің энергиясымен және терең білімдерімен баурайды. Олар университеттің ең көп сілтеме жасалатын зерттеушілері болып табылады (Хирш индексі – 27), сондай-ақ олардың оқыту барысында жаңа медианы, жасанды интеллект пен технологияны қолдану туралы жұмыстары мені шабыттандырады.

Бұған қоса, мен Оқу үрдісін жобалау және басқару бағдарламасының (Learning Design and Leadership) профессоры Лиам Магимен де жұмыс істедім. Біз "Жас ғалым" байқауына грант алу мақсатында бірлескен жоба дайындадық. Жобаның мақсаты – академиялық ағылшын тілін үйретуде жасанды интеллектті қолдануға арналған шешімдерді әзірлеу.

Бұл профессорлардың арқасында мен зерттеуші ретінде өстім деп айта аламын. Қазір маған деректер жинау, сұхбат өткізу және зерттеу кезіндегі мәселелерді анықтау оңайырақ. Бұрын мен зерттеу жүргізу үшін қолайлы әдіс таңдау кезінде қиындықтарға тап болатынмын. Мен жауаптарымды әртүрлі ресурстар мен ақпарат көздерінен іздеп жүрдім, бірақ бұл процесс жиі күрделі болып, көп күш жұмсауды талап ететін.

Шетелде тағылымдамадан өту кезінде қиындықтарға тап болған жағдайлар болды ма?

Райгүл: Әрине, алғашында мәдениеті мен жұмыс жүйесі бөлек бөтен елге үйреніп кету шамалы қиындықтар туғызды. Бәрінен де кәсіби түрде академиялық ортаның жоғары деңгейдегі талаптары мен стандарттарына үйренісу қиын болды, әсіресе зерттеу жобаларын тығыз уақыт ішінде орындағанда. Алайда, бұл қиындықтар ұзаққа созылған жоқ, өйткені мен өз туыстарым мен жақындарымның, менторымның әркез қолдауын сездім, олар маған барлық сұрақ бойынша көмек беріп отырды. Бұл ғылыми тағылымдама мен үшін маңызды мектеп десем болады, мұнда мен тайм-менеджмент пен командада жұмыс жасау дағдысын дамыттым. Сондай-ақ кері байланыс алуда әрі оны беруде де құнды тәжірибе

жинақтадым.

Иллинойс университетіндегі ғылыми ортаны қалай сипаттайсыз? Бұл орта сіздің зерттеуші ретінде дамуыңызға қандай мүмкіндіктер берді?

Райгүл: Иллинойс университетіндегі ғылыми орта – өте ерекше. Мұндағы студенттер мен профессорлар ғылымға толықтай беріледі, олардың ғылымға деген жалынды ықыласы маған үлкен әсер қалдырды.

Бұл жердегі атмосфераны осындағы адамдардың өзі, яғни студенттер, профессорлар мен зерттеушілер жасайды деп айтар едім.

Ресурстар да әлбетте, үлкен рөл ойнайды. Кітапхана – бұл өз алдына жеке өлем. Шынымды айтсам, мұндай кітапхананы еш жерден көрген емеспін. Өлемдегі ең үлкен кітапханалардың бірі, әрі мұнда адасып кетуің де ғажап емес. Бұл жерде 24 миллионнан астам сақтау бірлігі бар, соның ішінде 12 миллионы – баспа кітаптары. Мен Қазақстанда қолжетімсіз сирек материалдарды зерттеу үшін кітапханада көп уақыт өткіздім.

Мені ерекше әсерлелендірген – Жазу шеберханасы (Writing Workshop). Бұл академиялық және кәсіби жазу дағдыларымды жақсартуға көмектесетін қолдау тобы. Консультацияға алдын ала жазылу керек, себебі орындар тез толып қалады. Сол жерде мен мәтіннің құрылымы мен дәлелдемелерді қалыптастыру туралы бағалы кеңестер алдым. Докторлық Зерттеулерді Қолдау Бағдарламасы (Doctoral Research Support Program) да маған үлкен көмек болды. Бұл бағдарлама докторанттарға қолдау көрсетуге бағытталған. Ондағы кеңесшілер зерттеу әдістемесі мен деректерді талдау бойынша маңызды мәселелерде маған көмектесті.

Халықаралық деректер қорына қол жеткізу – бұл мүлдем бөлек тақырып. Зерттеу үшін сапалы және өзекті материалдарды пайдалану өте маңызды. Интернетте жиі дәлелденбеген мақалалар, дұрыс емес әдістеме қолданылған зерттеулер немесе ақылы зерттеулер кезігіп қалуы мүмкін. Университеттегі Scopus, JSTOR,

Web of Science сияқты халықаралық деректер қорына қол жеткізу менің жұмысымды жеңілдетті, өйткені мен тек тексерілген және өзекті материалдарды пайдаланатынымға сенімді болдым.

CITL Медиа орталығында орталығында онлайн-дәрістерді жазуды үйрендім. Бұл шынымен де шығармашылық процесс болды. Инновациялық студиясында (Innovation Studio) жасанды интеллектпен байланысты жобаларға қатыстым.

CGScholar AI Helper жобасындағы жасанды интеллект болашақта білімді қалай өзгертеді? Бұл процесте мұғалімдердің рөлі қандай болады?

Райгүл: Мұғалімдерді жасанды интеллект ешқашан алмастыра алмайды деп санаймын. Мұғалімдер тек білім берумен ғана шектелмейді, олар студенттерге эмоциялық қолдау көрсетіп, идеяларды талқылап, жеке тәжірибелерінен кеңестер береді.

Дегенмен, жобаның мәні мынадай: мұғалімдердің әр студенттің барлық сұрақтарына жауап беруге мүмкіндігі әрқашан да бола бермейді, бұл физикалық жағынан мүмкін емес. Осындай сәттерде CGScholar AI Helper жақсы көмекші болуы мүмкін, ол сұрақтарға тез жауап береді. Әрине, оның жауаптары тәжірибелі профессордың жауабындай терең әрі жекеленген болмайды, бірақ мәселені тез шешу немесе жалпы бағыт алу үшін оның көмегі өте пайдалы.

CGScholar AI Helper мұғалімдерге көмекші құрал бола алады. Бұл әсіресе студенттердің сұрақтарына жедел жауап беру қажет болғанда пайдалы. Бірақ мұғалімдерден алынған фидбэк әрдайым тереңірек және жеке қажеттіліктерге бейімделген болады.

Ең бастысы, бұл уақытты үнемдейді және студенттерге бір сұрақта тұрып қалмай, жұмысын жалғастыруға мүмкіндік береді. Оқытудың дәстүрлі әдістеріне толықтыру ретінде ЖИ ықпалдастыру ең жақсы шешім болары анық, яғни: оның мүмкіндіктерін дағдылы тапсырмаларды автоматтандыру және талдаудың дәлдігін арттыру үшін пайдалану, бұл ретте сыни ойлауды, аналитикалық дағдыларды және студенттердің тұлғалық өсуін қалыптастыруда оқытушының негізгі рөлін сақтап қалу. Студенттеріміз заманауи озық құралдарға қол жеткізіп, өз мақсаттарына тиімді жетуі үшін бұл технологияны Қазақстанда да енгізілетініне үміттенемін.

CGScholar AI Helper құралын қазақстандық мектептер мен университеттерде қолдануға қалай қарайсыз?

Райгүл: CGScholar AI Helper құралы Қазақстан университеттеріне арнайы бейімделген де болуы мүмкін. Артықшылығы – Learning Design and Leadership (LDL) департаменті өлемнің түкпір-түкпірінен келген зерттеушілермен және профессорлармен байланыста, ал платформа бірнеше шетелдік университеттерде студенттермен сынақтан өткізіліп жатыр. Егер ағымдағы зерттеу жобасының нәтижелері студенттердің жазу дағдыларын дамытуға құралдың оң әсерін көрсетсе, бұл оның қазақстандық білім беру жүйесіне бейімделуінің пайдасына маңызды дәлел болады. Оқытушылар мен студенттерді құралмен жұмыс істеуге үйрету қажеттілігін қоса алғанда, қазақстандық университеттердің осындай технологияларды енгізуге инфрақұрылымдық дайындығы негізгі кедергі болуы мүмкін. Сонымен қатар, тілдік бейімделу маңызды рөл атқарады, өйткені құралды сәтті қолдану үшін қазақ және орыс тілдерін интеграциялау қажет болады. Сондай-ақ, ұлттық білім беру бағдарламаларының талаптарына сай болу үшін бағалау айдарлары мен стандарттарына өзгерістер енгізу қажет болуы мүмкін. Сонымен қатар, LDL бағдарламасы ынтымақтастық үшін үлкен перспективалар ашады. Әр елдегі әріптестерім өз тәжірибелерімен бөлісуге, бірлескен зерттеулер мен жарияланымдарға қатысуға дайын, ал бұл құралды жаңа білім беру орталарына бейімдеу процесін жеңілдетеді. Осылайша, дұрыс қолдау мен ұйымдастыру көрсеткен жағдайда, бұл құрал Қазақстан студенттерінің және оқытушыларының академиялық жазу дағдыларын дамытуға ықпал ете алады.

ТЕХНИКАЛЫҚ КӘСІПТІК БІЛІМ АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Кез-келген адам өмірінде мамандық таңдау бойынша толғаанысты басынан өткереді. Бұндай таңдауды алғаш рет 9 немесе 11 сыныпты бітіргенде жасап, өзіңе ұнамды кәсібің нәсібіңе айналған мамандыққа қол жеткізуді іздеу өмір бойы жалғасуы мүмкін. Бұған біздің еліміздің заңдары да қарсылық білдірмейді.

Кез-келген мамандықтың қыр-сырын үйрететін білім беру ордалары колледж, академия, институт, университет болып табылады. Осы мақалада колледждегі білім алу мәселелерін қарастыру көзделді. Алдымен колледж сөзіне анықтама бергенді жөн санаймыз, college ағылшын тілінде жоғары немесе арнаулы орта білім беретін оқу орны деген мағына береді.

Дүние жүзінде білім беру деңгейіне қарай колледждің 3 түрі бар: жоғары білім беретін, орта және жоғары оқу орындарының аралығындағы және жоғары сыныпқа сәйкес келетін орта білім беретін колледждер.

Колледж факультет ретінде университет құрамына кіреді, немесе жоғары оқу орындары сияқты дербес болады. Бұл типтес колледждердің негізі алғаш рет 13 ғасырдағы Англияда (Оксфордта 1249 ж., Кембрижде 1284 ж.) қаланса, ғылыми оқу орны ретінде 1523 жылы Лондонда ашылды.

Қазақстанда колледждер 1990 жылдардың басында КСРО ыдырағаннан кейін пайда болды. Еліміздің білім беру жүйесінде, колледж техникалық кәсіптік білім беру оқу орны болып табылады. Қазір экономика, құқық, бизнес, музыкалық, педагогикалық т.б колледждер бар. Колледжде бюджеттік оқыту түріндегі студенттерге шәкіртақы (стипендия) төленеді.

Колледж бұл мектеп оқуының төмендегідей айырмашылықтары бар.

Егер мектепте пәндер 45 минутқа созылса, колледждегі пәндер екі академиялық сағаттан тұратын қосарлы сабақтар арқылы жүзеге асырылады. Жүктеме мектептен гөрі көбірек, колледжде күнделікті 3 немесе 4 қосарлы сабақ қойылады, ал жоғары курстарда практика қосылады.

Практика дегеніміз – жоғары оқу орындары мен колледждегі оқу үрдісінің сабақтан тыс міндетті бөлігі. Практика студенттерге алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануды үйренуге мүмкіндік береді.

Колледжде практиканың төмендегідей түрлері бар:

1. Оқу практикасы - базалық және кәсіби пәндер бойынша теориялық білімдерін іс-тәжірибелер арқылы нақтылау болып табылады.

2. Өндірістік практика – студент өндіріс орнына барып өз мамандығының ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік алады, өзін қыметкер орнында сезінеді.

3. Дипломалды практика - студенттер мамандығына байланысты зерттеу жүргізеді, қажетті мәліметтерді жинайды, өңдейді, талдайды.

Оқу және практикамен қатар жылына екі рет: қысқы және жазғы сессия белгіленуі мүмкін. Сессия дегеніміз – емтихандарды тапсыру кезеңі. Әдетте сессия барысында 4-5 емтихан тағайындалады. Емтиханның бөлек сынақтар, жоғары курстарда курстық жұмыстар қосылады.

Сынақ (зачет) – жоғары оқу орындарында және орта кәсіптік оқу орындарында студенттердің білімін тексеру нысаны. Сынақ барысында теорияны меңгеру деңгейі анық емес, өндірістік практика, зертханалық жұмыс, семинар сабақтарының нәтижелері де ескеріледі.

Курстық жұмыс студенттердің өзіндік жұмысының маңызды элементі болып табылады. Курстық жұмыстың негізгі мақсаты зерттеу жұмыстарын жүргізу және дағдыларды дамыту, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау, қорытындылар мен жалпылама тұжырымдар жасай білу болып табылады.

Колледже қабылдау негізгі жалпы білім беру (9 сынып), орта (толық) жалпы білім беру тура- лы аттестат (11 сынып) негізінде жүргізіледі. 2022 жылдан бастап оқу мерзімін дербес тағайындау құқығы берілді. Енді 9-сынып түлегі қарапайым мамандықтарды бұрынғыдай 3-4 жыл емес, 2 жылда меңгеріп шыға алады. Екі жыл оқудан кейін біліктілікті арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының

2-ші курсына бірден қабылданып оқуды жалғастыруға немесе жұмысқа орналасуға болады.

Орта кәсіптік білімнің тиімді тұстары жетерлік. Университетке қарағанда қысқа уақыт ішінде мамандық алуға, бірнеше мамандықты игеруге, мамандандырылған кәсіпорындарда тағалымдамадан өту барысында оқуды бітіргеннен кейін бірден жұмысқа тұруға, жоғары оқу орындарының студенттеріне қарағанда тезірек тұрақты табыс ала бастауға болады.

Колледжден кейін университетте одан әрі білім алуды жалғастырушыларға болашақ мамандықты мағыналы түрде таңдау, яғни алған мамандықты жалғастыру немесе екінші мамандық таңдауға мүмкіндік бар. Кейбір университеттер колледж түлектерін екінші курсқа қабылдайды, қашықтықтан оқуды ұсынады.

Жалпы алғанда колледждегі алған білімнің төмендегідей артықшылықтарын көрсетуге болады:

- Негізгі білім (адам осы білімімен өмір бойы қалуы мүмкін деген мағынада) немесе жоғары білім алудың бастапқы баспалдағы болуы мүмкін; Колледж дипломы жоғары оқу орнына жеңілдікпен түсу құқығын береді, студент өз мамандығы бойынша оқуды жалғастыраан жағдайда жоғары оқу орындарының 2 курсына қабылданыуы мүмкін.

- Колледж бітірген түлек те мансаптың баспалдақтарымен кедергісіз көтерілуі мүмкін және жоғары табыс табуына шек жоқ.

- Қаржылық тәуелсіздікке ынталандыру, яғни колледждегі 2-3 жыл оқудан кейін әр түлек мамандық алып шығады, ол мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алады және бұл жұмысы тұрақты табыс алу мүмкіндігіне айналады.

- Жас кезінен бастап табыс табу мүмкіндігі, колледжді бітіргеннен кейін түлектер толыққанды жаға алады, яғни өзінмен құрдаас мектеп оқушылары теорияны оқып немесе жоғары оқу орындарына түсіп, бірінші курс студенттері атанып жаңа өмірге үйреніп жатқанда, колледж түлектері жұмыс істей бастайды.

- Болашақтың айқын көрінісі, яғни мектеп оқушысы кәсіби өзін-өзі анықтау

жағдайында тұрағанда, ал колледж оқушысы болашақта не істейтінін біледі.

- Қателесу құқығының болуы, колледж оқушылары оқудың бірінші жылынан бастап-ақ болашақ мамандығымен танысады. Осы кезеңде таңдалған бағытты, мамандықты баалау мүмкіндігі туындайды. Егер таңдау қате жасалған болса, адам ерқашан оқу орнын өзгерте алады. 9-сынып түлегі орта мектептің білімінсіз қалды деп қорқудың қажеті жоқ. Колледждерде жоғары сыныптардың мектеп бағдарламасы қосымша пәндерсіз қысқартылған түрде өтеді.

Болашақ мамандықты қайда, қашан алуды әр адам өзі шешеді. Мүмкіндіктер мекені болып саналатын АҚШ-та тұрғындар өздерінің колледжде білім алаандарын мақтана айтады. Қазақстандағы колледждерде де оқушылар саны көбеймесе азайған емес. Себебі жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруде аянбай еңбек етіп келе жатқан колледждер баршылық. Солардың бірі - Жетісу облысы Талдықорған қаласы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрылымдық бөлімі ретінде ашылған «Zhansugurov college».

Колледж жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығы болып табылады, яғни колледж түлектерімен барлық жұмыс І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне оқуға түсуге бааытталған.

2018-2023 жылдар аралығында колледж директоры қызметін педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мальтекбасов Марат Жабықбайұлы атқарды. 2023 жылдың қазан айынан бастап Ескендіров Бақытжан Нұрсерікұлы директор лауазымына тағайындалды. Колледжде 60-қа жуық педагог қызмет етеді. Педагогикалық ұжым білімгерлерге кәсіби білім берумен қатар, саналы тәрбие беру жұмысын да жүйелі түрде жүргізеді.

Аталған колледжді 2018 жылдан бері мыңдаған білімгерлер тәмамдады, олардың көпшілігі жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастырса, енді біразы ел экономикасын көтеруге қызмет етуде.

**А.ОМАРОВА,
А.ЕРФАЛИЕВА,
А.ЖӘРКЕНОВА,
«Zhansugurov college» оқытушылары.**

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС ЖОЛЫНДА



Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үгіле білу. Педагог-жаңа ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған барлық бағалы құндылықтарды беретін адам. Сондай ұстаздардың бірі -

Макеева Камшат Маулетқызы. Ол еңбек жолын 1999 жылдан Сарқан ауданы, Черкасск орта мектебінен бастап, аталған білім ошағында директордың тәрбие және оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымдарын атқарды. 2019 жылдан «Zhansugurov College»-де қызмет атқарып келеді.

Қазіргі Жаңа Қазақстан жастары – білімді, байсалды және бәсекеге қабілетті болуы керек. Осы орайда Камшат Маулетқызы ұстаз ретінде әр студенттің бойына ұлттық идеологияны сіңіріп, дара тұлға етіп тәрбиелеуде талмай еңбек етіп жүр.

Сыни ойлай алатын, шәкірт үніне үгіле алатын, ақпараттық коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, өмір бойы білім алудан жалықпайтын ұстазды – заманауи ұстаз деп айтса болады. Осы орайда, Камшат Маулетқызы әрдайым педагогикалық шеберлігі мен білімін байқауларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, іс-тәжірибе алмасу арқылы үнемі жетілдіріп келеді. Оған дәлел, «Үздік педагог-2024» облыстық байқауында жеңімпаз атанды. Жоғары балл жинап республикалық кезеңге өтті. Жетісу облысының білім басқарма басшысынан жеңімпаз күелігі мен 300АЕК көлемінде ақшалай сыйлық алды. Республика бойынша еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған мықты педагогтар арасында бақ сынап ҚР Оқу-ағарту министрлігінен сертификат алды.

Камшат Маулетқызы «Үздік педагог -2024»

облыстық кезеңнің жеңімпазы ретінде ТжКББ ұйымдарының педагогтеріне білгенін үйрету мақсатында тәжірибесімен бөлісті. Тәжірибе бөлісу барысында «Үш бәйтерек, үш діңгек: Сәкен, Илияс, Бейімбет» атты әдеби –сазды көш, «Қазақ әдебиеті» жаппай ашық онлайн курсы – тақырыбында шебер –сынып, Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы атты ашық сабағын жоғары деңгейде өткізді.

Қашанда ұстаз беделі шәкіртінің жетістігімен еселеніп жатады. Ол үшін ең алдымен, өз кәсібіңе, өз пәніңе деген зор сүйіспеншілік болғаны абзал. Талай мәрте шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткен облыстық Қ. Бітібаева атындағы олимпиадада студенті Дильназ Аркинова 1-орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды. «Илияс өлемі» атты қалалық мәнәреп оқу байқауына Нұрайжан Жапкел 1-орын, қалалық «Тіл шебері-2024» байқауында Амина Базарханова 1-орын алды. Оған қосымша Камшат Маулетқызы колледжде «Болашақ» дебат клубының жетекшісі. Дебат клубының жетістіктері де аз емес. 104 ШБқ студенті Асылбек Кеусар Облыстық «Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс қозғалысы аясында «Ділмар» пікірсайыс тележобасының үшінші маусымында жеңімпаз атанып, 2025 жылдың наурыз айында өтетін республикалық кезеңге жолдама алды. Колледждің өзін-өзі басқару жұмыстары, волонтерлік қызметтің мүшесі болып, қайырымдылық іс-шараларға қатысып, өз үлесін қосуда. Бұл ұстаз еңбегінің биылғы жылдағы аз анық көрінісі.

Сыни ойлай алатын, шәкірт үніне үгіле

алатын, ақпараттық коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, өмір бойы білім алудан жалықпайтын ұстазды – заманауи ұстаз деп айтса болады. Камшат өз тәжірибесіне цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен енгізіп, тиімді пайдалануда. Оған дәлел, қазақ әдебиеті пәнінен республикалық Жаппай ашық онлайн курсына 1 курс студенттеріне арнаған бейнедерістер жынтығын даярлап, нәтижесінде авторлық күелік иеленді. Бұл авторлық бағдарлама 2023-2024 оқу жылынан 1 курс студенттеріне арнаған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу-әдістемелік өзірлемесі түрінде, білім беру үрдісіне енгізіліп, осы бағдарламамен қосымша көмекші құрал ретінде оқылып жатыр. Бұл ашық онлайн курсына тақырыптарға байланысты дерістер, бақылау сұрақтары, тапсырмалар, бейне дерістер бар.

Қазақ тілі пәнінен қоғамдық-гуманитарлық бағыттың «Қазақ тілі» пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім алатын 1 курс студенттеріне және оқытушыларға арналған оқу-әдістемелік құралының авторы.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» деген нақылына сай шәкірттерін шабыттандырып, ұстаздық өмірін үлгі-өнеге етіп келе жатқан Камшат Маулетқызы өлі де талай шындықтарды бағындырары сөзсіз.

Білім теңізін маржан терген ұстазға шығармашылық табыс тілеймін!

**Бақытжан ЕСКЕНДІРОВ,
«Zhansugurov College»-нің директоры.**

Қазақтың тұңғыш әйел ұстаздары

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫНДА АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ КЕЛЕ БАСТАДЫ. КҮЛЛІ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ҒЫЛЫМ ІЗДЕП, КӘСІП ҮЙРЕНУГЕ, БІЛІМ АЛУҒА ДЕН ҚОЙДЫ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ ДА БОЛДЫ. ОЛАР ІЛІМ ҮЙРЕНІП, БІЛГЕНІН ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЙРЕТЕ БІЛДІ. МЕДИЦИНА, ПЕДАГОГИКА, ӘСКЕРИ ӨНЕР, МУЗЫКА, БИ ӨНЕРІН МЕНГЕРІП, ҮЛКЕН ЖЕТИСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕ БІЛДІ. НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҒЫШ ӘЙЕЛ ҰСТАЗДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ.



НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА

Нәзіпа Құлжанова 1887 жылы Торғай қаласында дүниеге келген. Нәзіпа Құлжанованы мұғалімдіктен гөрі тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде танитынымыз рас. Бірақ ол 1902 жылы Қостанайдағы қыздар гимназиясын тәмамдағаннан соң, бірден Торғайдағы қыздар училищесінде, кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясында сабақ береді. Ұстаздығымен қатар Нәзіпа Құлжанова ағартушылықпен айналысып, тұңғыш педагог-ғалым атанады.

1903-1904 жылы 15 жасында Торғайдағы қыздар училищесінде мұғалімнің көмекшісі болды. Одан кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында ұстаздық етті.

Ағартушы педагог, журналист, аудармашы, этнограф Нәзіпа Құлжанова - Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен қазақ қыздарының бірі.

1913 жылы Орыс географтар қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған тұңғыш әрі жалғыз қазақ әйелі еді. Кейін «Азамат серіктігі» ұйымына кірді. 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласында қазақтың ұлы ақыны Абай өміріне арналған, 1915 жылы Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен қазақ шәкірттеріне көмек көрсету мақсатында әдеби кештер ұйымдастырды. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттеріне әйел мәселелерін қоғамдық деңгейде арнайы көтеріп, мақалалар жазды. 1917 жылы Семей облыстық қазақ сыязына қатысып, оның төралқасы құрамына сайланды.

1920 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халкомының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссияның мүшесі болды. Құлжанова осы қызметте жүріп, қазақтың жаңа әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің құрамына енді. 1922-1929 жылдар аралығында «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан», «Әйел төңігі» журналдарының редакцияларында жауапты қызметтер атқарды. 1923 жылы Орынбор қаласынан Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» оқулығы жарық көрді. Бұл Қазақстан Оқу комиссариатының нұсқауымен арнайы басылған алғашқы туынды еді.

Кітапқа Ахмет Байтұрсынов алғысөз жазған. Еңбек: «Күллі жер жүзінде», «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?», «Мектепке

дейінгі тәрбиенің Россиядағы түрі», «Бала бақшасы деген не?» деген тараулардан тұрады. Осындағы алғашқы тараудан автордың сол кезде ақ шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеуге ұмтылыс жасағанын айқын көреміз. Педагог Италия, Швейцария, Шотландия елдеріндегі балалар бақшасының тәжірибелерін үлгі етіп ұсынады.

Нәзіпа Құлжанова 1927 жылы Қызылорда қаласында «Ана мен бала тәрбиесі» әдістемелік кітабын баспадан шығарды. Автор бұл еңбегінде педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестер береді.

Белгілі этнограф А.А. Затаевич Нәзіпадан «Ғайнау, сәулем», «Қадыр зары» өндерін жазып алған.

Публицист ретінде «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарына елдегі оқу-ағарту, мәдениет, денсаулық мәселелеріне байланысты мақалалар жазып тұрды.

А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, С. Сейфуллин, т.б. ақындар Құлжановаға арнап өлең жазған.

Нәзіпа Құлжанова аударма саласында да елеулі жұмыстар атқарып, қазақ оқырмандарын В. Короленконың «Күн тұтылғанда» (1923), А. Куприннің «Лапылдап жанған крейсер» (1927), Б. Лавреневтің



«Қырық бірінші» (1928) сияқты шығармаларымен таныстырды.

АЛМА ОРАЗБАЕВА

Алма Оразбаева 1898 жылы Жамбыл облысында дүниеге келген. Ордадағы жоғары бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық курсты тәмамдап, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алып шығады. Ұстаздық жолын Новая Казанка ауылынан бастайды. 1917 жылы Ордада өткен мұғалімдер съезіне қатысып, бірнеше мәселенің шешілуіне ықпал етеді. Оның ішінде қазақ қыздарының құқығын қорғау, білім алуы мәселелері де қамтылған. Сондай-ақ, Алма Оразбаева тарихқа қазақ әйелдеріне білім беру және қалың мал сияқты ескірген дәстүрлерді жою арқылы фемативист ретінде кірді. Ол «Степная правда», «Советская степь», «Еңбекші қазақ», «Жас қазақ», «Дұрыстық жолы» газеттеріне қазақ әйелдерінің қоғам ісіне араласуы, әйелдер арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарының жүргізілуі барысы, қалың мал мәселелеріне арнап «Қазақ әйелдері даңғыл жол үстінде», «Қазақ әйелдерінің қалың малдан құтылған күні», «Октябрь революциясы және қырғыз әйелі», «Әйелдер бостандығы» т.б. мақалаларын жариялаған. Кейбір мақалалары «Қазақ әйелі», «Сағида» сияқты бүркеншек атпен

жазылған. Ол қазақ өндері мен күйлерін жинаған А.Затаевичке өзінің орындауымен қазақтың «Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Зейнешім», «Сарыжан», «Төрт пішін», «Айнамақыз», «Япыр-ай», «Қыз ұзату» («Қоштасу») сияқты барлығы 18 өннің «Қазақ халқының 1000 өні» жинағына енуіне мұрындық болды.



НАФИГА АРҰҚОВА (1902-1956)

Нағима Арықова 1902 жылы Верный қаласында дүниеге келген. 1918 жылы Ташкентте педагогикалық курсты бітіріп, Семей мен Мәскеуде білімін жетілдірген. Алматы мен Семей қаласындағы мектептерде мұғалім болған. Кейіннен РК(б)П Семей губерниялық комитетінің нұсқаушысы, әрі қарай РК(б)П Батыс Қазақстан обкомының мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі, «Сталин жолы» журналының редакторы, Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру халкомы қызметтерін атқарған. Кейін Қазақтың мемлекеттік баспасында редактор, редакция

меңгерушісі болды. Ол ұстаздықтан бастаған қызметін әрі қарай жалғастырып, қазақ әйелдерінің төңігін қорғап, олардың сауатын ашу, мәдениетке баулу ісіне елеулі үлес қосқан тұлға.

Нағима Арықова да қазақ әйелінің сауатты, еркін болуына барын салды. Ол «Әйелдер жөніндегі "Әйелдер өкілдері не істеуі керек" деген кітапшаның авторы.

Нағима Ыдырысқызы Семей губерниялық атқару комитетінде қазақ бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүргенде Мұхтар Әуезовпен танысқан. Кейін жазушы Нағима Арықованың қайсарлығына тәнті болып, "Нәзіпа Құлжанова, Нағима Арықова, Әмина Мәмбетова сияқты қайраткер қазақ қыздарын прототип етіп алу" көрегін бірнеше рет айтқан.

ОРАЗБИБИ МАХМҰДОВА

Оразбиби Махмұдова - қазақ даласындағы алғашқы педагог. Ол 1902 жылы Семейде дүниеге келген. Семейдегі 2 жылдық педагогикалық курсты тәмамдап, мұғалім болып шығады. Сол жылдардағы мұғалімдік курсты алғашқылардың бірі болып бітірген Оразбиби Махмұдова еңбек жолын №12 совет қазақ мектебінен бастаған. Онымен бірге қазақ әйел мұғалімдері Жұмабике Ибрагимова, Нәзіпа Құлжанова, Жәмила Кәрімова, Айтбану Көркембаева, Бәтимә Татубаева жұмыс істеп, қарапайым халыққа сауат ашуды үйреткен.

Семейдегі Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы қорында сақталған 1924 жылдың 15 қазанындағы Семей және Алаш қалаларындағы бастауыш және арнайы орта білім беретін оқу орындары оқытушыларының тізімінде, жалпы орыс-қазағы бар 108 адамның аты-жөні аталады. Соның ішінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермековтармен бірге алғашқы қазақ әйел мұғалімдер Жәмила Кәрімова, Оразбиби Махмұдова, Тәйба Жиенғалиева т.б. есімдері кездеседі.

РАФИҚА НҰРТАЗИНА

Рафиқа Бекенқызы Нұртазина – отандық педагогиканың негізін салушы, реформатор-ұстаз. Педагог-әдістемеші, ғалым, Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалім. Ол Павлодар облысы, Павлодар ауданы, 6-ауылда дүниеге келген. Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті) филология факультетін бітірген. 1951-71 жылдары Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1971 жылдан сол мектептің директоры болды. 1972 жылы республикалық педагогикалық қоғамның төрағасы болып сайланды. Рафиқа Нұртазина 40-тан астам ғылыми әдістемелік еңбек дайындап, қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламасын әзірлеуге қатысқан. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов «Рафиқа орыс-украин жұртының Лев Толстой, Ушинский, Макаренкосы, Сухомолинский, қазақтың Ыбырай Алтынсарина, Спандияр Көбеев, Құмаш Нұрғалиевы сияқты аса атақты педагогтар қатарына қосылады. Қара тасты қақ жарып, шыңға шыққан өңлік гүлдей, қазақ әйелдерінен ұстаз-ғалым, ұстаз-жазушы, ұстаз-қайраткер болып, қоғамның биік баспалдағына көтерілген аналардың бірі де, бірегейі де осы Рафиқа Бекенқызы» деп баға берген.



ЖЫЛАН ЖЫЛЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ?



Шығыс күнтізбесіне сәйкес 2025 жыл – жылан жылы.

Жылан шығыс мәдениетінде даналықтың, сабырлықтың және терең ойдың символы ретінде көрініс береді. Бұл жыл адамдардың ішкі дүниесін дамытуға, маңызды шешімдер қабылдауға және өмірді жақсартуға қолайлы уақыт болмақ.

Жылан суық жәндік болып көрінгенмен, жорамалшылардың айтуынша келер жылы келетін жасыл ағаш энергиясы аса жайлы жыл болады.

Жасыл ағаш жылан, икемділіктің, дамуға, табысқа және жаңаруға деген ұмтылыстың, сондай-ақ, өз мүдделерін қорғау қабілетінің жиынтығы.

Жыл табысты болуы үшін бұл қасиеттерді өз бойыңызда дамыту керек. Жаттығуды дәл қазір бастауға болады.

Ал сіз даналығыңыз бен икемділігіңіз шыңдалып жатқанда, Жылан жылын қалай қарсы алуға болатынын айтайық.

Ең бірінші - қажетсіз нәрселерден құтылу. Бұл сіздің өміріңізге сәттілік әкеледі. Жыланның терісін ауыстырғандай, бәріміз де өсуімізге кедергі болатын артық нәрсенің бәрін артта қалдыруымыз керек. Яғни, бұл қарыз ақша. Сізге қоңырау соғылғанға дейін ипотекаңызды жаба алмасаңыз немесе автокөлік несиесін төлей алмасаңыз, жылан сізді түсінеді.

Бірақ егер сіз білетін адамға азын-аулақ қарыз болсаңыз немесе коммуналдық қызметтерді төлеуді ұмыт қалдырсаңыз, бұл жыл иесіне сөзсіз ұнамайды.

Сондай-ақ, үйде қажетсіз қоқыс, артық заттар болса, Жылан аса жаратпайды.

Шаф-сөрелеріңізді ретке келтіріңіз, артық дүниелерді қоқыс жәшігіне апарыңыз, қажет емес нәрсені сатыңыз немесе үлестіріңіз.

Демек бұл сіздің жаңа жылда, жаңа өміріңізде қажет болмайтын «ескі теріңіз» деп түсініңіз.

Жеке қарым-қатынасқа келетін болсақ, барлық қақтығыстар жаңа жылға дейін шешілуі керек. Өзіңізге ұнайтын адамдармен тату болу үшін даналық пен икемділікті пайдаланыңыз немесе кей адамды өміріңізде мәңгілікке қалдырғыңыз келсе, жылан секілді кешіріммен қараңыз.

Жасыл ағаш жылан жылы - көшу немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қолайлы болады. Егер осы уақытқа дейін жұмысыңызды өзгерткіңіз келіп жүрсе, осы жылы түйіндемеңізді жаңартатын кез келді.

Жылан жеке отбасылық жағдайдың өзгеруіне де оң әсер етеді. Биылдан қалмай, өтінішіңізді АХАЖ бөліміне апарып, ақ көйлегіңізді дайындай беріңіз.

Жылан жылына сәттілік шақыру үшін үйдегі жайлылық пен үйлесімділікке баса мән беру керек. Ескі заттарды тазалаудан және лақтырып тастаудан бастаңыз: жылан тазалық пен реттілікті бағалайды. Үйді жасыл өсімдіктермен безендіріңіз, үйлесімділік пен гүлденуді бейнелейтін фикус пен бонсай өсіресе қолайлы. Сәттілік пен қорғану үшін сөрелерге немесе жұмыс үстелдеріне жылан тұмарларын қоюға болады. Монеталар немесе символдық сувинирлер де үйге қаржылық тұрақтылық әкеледі.

ЖАҢА 2025 ЖЫЛДЫ ҚАНДАЙ КИІММЕН ҚАРСЫ АЛҒАН ДҰРЫС?

Жасыл ағаш Жылан жылы талғампаз және ұстамды, етек-жеңі жабық киімдерді қажет етеді. Сәнде табиғи түстер болады. Жасыл, қоңыр, сұр және қара - табиғатпен үйлесімділікті әрі даналықты білдіреді.

Жылтыр және жарқын детальдар, мысалы, жыланның жылтыр қабығы секілді пайеткалар мен стразалар

да құпталады. Ең бастысы, жоғары талғампаздық пен стиль. Мұндай киім кию үлгісі жылан символикасымен үйлесім тауып, алдағы жылға сенімділік пен жігер қосады.

ДАСТАРҚАНҒА НЕ ҚОЮ КЕРЕК?

Мерекелік үстелдегі ең маңыздысы үйлесімділік пен әртүрлілік. Оны жасылмен безендіріңіз, бейтарап реңктердегі ыдыстарды таңдаңыз: жасыл, сұр немесе ақ. Үстелде көптеген көкөніс тағамдары мен салаттар болуы керек, өйткені жылан табиғи өнімдерді бағалайды. Сиыр етінен немесе құс етінен жасалған тағамдар мен жеңіл теңіз тағамдары да жұмыс істейді. Жаңа жылда үйге сәттілік пен бақыт әкелетін тұшпара мен орамалар (роллы) сияқты дәстүрлі тағамдарды ұмытпаңыз.



ЖЫЛАН ЖЫЛЫНДА ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗҒА НЕ СЫЙЛАУҒА БОЛАДЫ?

Биыл практикалық және символдық сыйлыққа артықшылық беру керек. Жылан талғампаздық пен сапаны жақсы көреді, сондықтан ең жақсы таңдау — күнделікті тұрмысқа пайдалы болатын сыйлықтар.

Техника, әшекейлер, жасыл тастар (мысалы, нефрит, изумруд немесе агат) — тамаша нұсқалар.

Сондай-ақ, Шығыс мәдениетінің стилін көрсететін субұрқақтар немесе мүсіншелер сияқты декор элементтерін беруге болады. Театрға бару немесе кемеде серуендеу сияқты ерекше сыйлықтар жақындарыңыз бен достарыңызды қуантады



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имедждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №1381
Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды